

## UNIQUE PERSON - MAHAMMET UTEMISOV

**Sadirkbekova Aklima Marat kizi**

Chirchik State Pedagogical Institute of Tashkent region

1st year student

**Annotation.** In this article, we talked about the life and work of Makhambet Utemisov, an ardent singer of the anti-colonial uprising, a famous zhyrau, a warrior, a poet, a kuishi composer.

**Аннотация.** Бұл мақалада отаршылдыққа қарсы көтерілістің жалынды жыршысы, әйгілі жырау, жауынгер, ақын, күйші-сазгер Махамбет Өтемісұлы жайлы, оның өмір жолы, шығармашылығы жайлы тоқталдық.

**Кілтті сөздер:** жазушы, ақын, ақиық, күйші.

Қазақтың әйгілі жырауы, күйші, композиторы, Исатай Тайманұлы бастаған отаршылдыққа қарсы көтерілістің жалынды жыршысы, ұйымдастырушыларының бірі-Махамбет Өтемісұлы өзінің барша болмыс қасиеттерімен көшпелілер арасындағы көсем тұлғалардың бірі. Сол бір көне заманда өмір сүрген Асан қайғыдан бастап, Бұқар, Қазтуған, Ақтамберді, Шалкиізге дейін жалғасып, ақыры Махамбетке келіп тірелетін заман көшпелілер рухының айының батып, күнінің тұтылған кезі. Жәңгір хан тұсында өмір сүрген ақынды Қазақ хандығының соңғы жырауы деп тануға болады.

Ғылыми деректер мен әдебиеттерде ақынның туылған жылдары түрліше беріледі. Кейбір деректерде 1803 жыл деп көрсетілсе, енді кейбіреулерінде 1804 жыл беріледі. Кезінде Қ. Жұмалиев т.б. Махамбетті 1804 жылы туған деп жазған. Осыған орай осы аталмыш жыл дұрыс болса керек.

Махамбет Өтемісұлы Бөкей Ордасы, қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданындағы Жасқұс деген өңірде дүниеге келді. Байұлы ішіндегі Беріш руынан. Өз заманының қыр-сырын меңгерген, көзі ашық, көкірегі ояу адам болған. Татар, араб, орыс тілдерін меңгерген.

1824-1828 жылдары Орынборда Жәңгір ханның ұлы Зұлқарнайынның қасында болды. Осы кездері сауат ашып, орыс тілін меңгерді. 1829 жылы Ішкі Ордаға Жайықтан жасырын өтті деген айып тағылып, ұсталды. Екі жылдан соң, 1831 жылы қашып шықты, алайда артынша ақталды.

1834 жылы Исатай Тайманұлымен бірікті. Дәл осы жылы 9 маусым күні Жәңгір хан Махамбетті өз жағына тарту мақсатында старшын лауазымын ұсынды.

Ұлы бабаларының дәстүрін жалғастырған, рухын сөзімен емес ерлік ісімен көрсеткен батыр-жырау 1836-1838 жылдары Исатай бастаған көтерілістің басшыларының бірі сонымен қатар басты насихаттаушысы болып, елеулі рөл атқарды. Тарихқа үңілер болсақ, қайсар қолбасшы, біртуар тұлға, халық көтерілісінің көсемі болған Исатай Тайманұлының жан жолдасы болған Махамбет бастан аяқ оның қасында жүрген, жауымен жауласып, дауымен дауласып, өлімге басын қиған. Исатай мен Махамбеттің достығы бейне бір бұзылмас қамалдай берік болды десек қате болмас. Атамыз қазақ қашанда достықты жоғары бағалаған. Себебі адам өзі қандай болса, дәл сондай жанына жақын жанды іздейді. Қос батыр да ел үшін бастарын өлімге тігіп, жауға бірге аттанған сарбаздар. Әсіресе Махамбеттің жырларында Исатай бейнесі ерекше көркем берілген. Исатай мен Махамбеттің достығы нағыз достықтың бетке тұтар үлгісі десек болады.

1838 жылы 12 шілдеде Ақбұлақта болған шайқаста Исатай қазаға ұшырап, Махамбет Хиуа жақта екі жылдай жасақ жинауға әрекет жасады. Алайда, нәтиже шықпағасын, Бөкей ордасына жасырын өтіп, ел ішін паналады.

Махамбет-халықты патшалық, хандық үкіметке қарсы қарулы көтеріліске шақырған алғашқы ақын болып табылады. "Баймағамбет сұлтанға", "Жәңгірге" деген өлеңдерінде жоғарғы билікте отырған үстем тап өкілдеріне сын айтады. Махамбет Өтемісұлының Жәңгір ханға айтқаны төмендегідей:

Хан емессің, Қасқырсың,  
Қас албасты басқырсың,  
Достарың келіп табалап,

Дұшпаның сені басқа ұрсын!

Хан емессің, ылаңсың,

Қара шұбар жылансың.

Хан емессің, аярың,

Айыр құйрық шаянсың!

Міне, осы сияқты өлеңдерінде батылдықпен ханға қарата айтып, бетпердесін жырта шенеген батыр қолбасшы болғанын аңдасақ болады.

1840-1846 жылдары Баймағамбет сұлтанның қол астындағы жерлерді паналады. Сонда Махамбеттің "Баймағамбет сұлтанға айтқаны" жыры шыққан.

1841 жылы 4 наурызда Тілекеев дегеннің үйінде қолға түсті. Калмыков бекетінде екі апта түрмеде ұсталыпды. Кейін Орынборға айдалды. Орынбор генерал-губернаторы оның ісін әскери сотқа тапсырды. Сот 1841 жылы 7 шілдеде "Бүліншілікке тағы араласатындай болса, қатаң түрде жазалансын" деген үкіммен босатты.

1845 жылы баласы Нұрсұлтанды оқуға орналастырмақ болып, Орынбор шекарасынан өтеді. Осыған байланысты оның ісі қайта қозғалады. Б. Айшуақов Махамбеттің құдалауын қоймай, оны ұстап әкелу үшін қарулы жасаққа мың сом тігіп, жанын алуға жібереді. Оның Баймағамбет сұлтан жалдаған хорунжий Тұрымұлының қолынан қаза тапқандығы жазылған. Ал, кейбір деректерде өзінің досы, дәлірек айтқанда дос деуге келмейтін, дұшпаннан да залымырақ досы Ықыластың қолынан мерт болғандығы туралы жазылған.

Шығармашылық жолына тоқталар болсақ, ақын өлеңдерінің негізгі тақырыбы әділдік үшін күрес, теңдік пен бостандық болса, басты қаһарманы-Исатай Тайманұлы болды. Исатайдың батырлығы, адамгершілігі, қайсарлығы, азаматтығы жайлы "Исатай деген ағам бар", "Тайманның ұлы Исатай", "Тарланым", "Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай", "Исатай сөзі" т.б. басқа өлеңдерінде көруге болады.

Ақынның өзінің лирикалық кейіпкері суреттелген-"Мен құстан туған құмаймын" атты өлеңі. "Ереулі атқа ер салмай" өлеңінде қуып келе жатқан патша әскерімен болған шайқастан кейін шаршаған кезде сарбаздарға рух беріп, ұлы мақсаттан айнымауға шақырып, жігерлендіріп, намысын қайраған. "Еменнің түбі-сары бал", "Жалған дүние", "Беркініп садақ асынбай", "Еріскедей ер болса", т.б. өлеңдерінде ұлт-азаттық, ел тағдыры мен оның арман-мүддесі туралы ой қозғаған.

Ақын жайлы Ы. Шөреков "Исатай-Махамбет", Ж. Молдағалиев "Кен", Ф. Оңғарсынова "Алмас қылыш", М. Шаханов "Қарақұм трагедиясы" т.б. шығармалар жазылған. Махамбеттің "Қызғыш құс" атты өлеңінен үзінді:

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!

Қанатың қатты, мойның бос.

Исатайдан айрылып,

Жалғыздықпен болдым дос...

Мінеки, ақынның осы бір өлеңінен Исатайдай досынан айырылып, мұң шегіп отырғанын, оның өліміне қатты қайғырғанын аңғаруымызға болады.

Махамбет Өтемісұлы туралы баспасөз беттерінде аз жазылған жоқ. Ақын туралы тарихи, әдеби зерттеулер том-том болып жарық көрді, деректі фильмдер суретке алынды. Әйтсе де ақиық ақын, ақберген батыр, қолбасшы, жауынгер, күйші Махамбет туралы ғылыми зерттеулер әлі де өз жалғасын табуына ешбір күмән жоқ.

Қорыта келгенде, қазақтың қас батыры, ел азаттығын көксеген жалынды жауынгер, әр жақтама жетік тұлға, ақиық ақын Махамбет туралы қанша пікір айтып, мадақтасақ та аз. Себебі оның бізге қалдырған әдеби мұрасы, халқымыз, еліміз үшін жасаған амалдары алтынмен тең, құнды әрі бағалы. Сөз соңында айтпақ ойым әрбір саналы, көзі ашық, көкірегі ояу қазақ баласы осындай атасын тануы, оның өмір жолымен таныс болып, шығармаларынан нәр алуы керек, оның жадын мәңгі естерінде сақтауы керек деп есептеймін.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері : зерттеулер. Т.1. / Қ. Жұмалиев. - Орал : Ағартушы, 2010 (Ақ Жайық қаламгерлерінің кітапханасы)
2. Қабылдинов З.Е. Қазақстан тарихы (ХҮІІІ ғ.-1914 жыл) : жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. / З. Е. Қабылдинов, А. Т. Қайыпбаева. - 2-бас., өнд., [б. м.], 2012 сур., карталы
3. Қазақ әдебиеті ақын-жазушылары портреттерінің жинағы / Құраст. С. Елікбаев, [б. м.], 2006. сур.
4. Махамбет Жалған дүние : Өлеңдер. / Махамбет, [б. м.], 2003
5. Махамбет Өтемісұлы. Жинақ. , [б. м.], 2004.
6. Сүйіншәлітегі Х. Ішкі Орда және жалынды ақын Махамбет (200 жылдық мерей тойларына арналған шашу-таралығы) / Х. Сүйіншәлітегі. - Орал, 2002.